



Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 30 қаңтардағы № 138 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 сәуірде № 13629 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 325 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 11.05.2018 № 325 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2016 жылғы 24 ақпан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2016 жылғы 15 наурыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2016 жылғы 23 ақпан

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрінің
2016 жылғы 30 қаңтардағы № 138
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 № 260 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 21.05.2018 № 355 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі ең аз жергілікті қамтуды есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 464 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11117 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс шарттарына енгізілетін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеудің қағидалары осы тізбеге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы
17 сәуірдегі № 464 бұйрығымен
бекітілген

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеу қағидалары

1. Жалпы ереже

1. Осы Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 19-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдалы қазбалар тобы деп қатты пайдалы қазбалар, көмірсутек шикізаты және кең таралған пайдалы қазбалар ұғынылады.

2. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеу тәртібі

3. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеу жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты өткізу кезінде құзыретті орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

4. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды есептеу үшін пайдалы қазбалар топтары бойынша бөлінген жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс өткізілетін жылдың алдындағы жылға жұмыс істеп тұрған жер қойнауын пайдаланушылардың жұмыстарындағы (көрсетілетін қызметтеріндегі) жергілікті қамтымның нақты үлесі бойынша деректерді пайдаланады.

5. Құзыретті орган жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды мынадай формула бойынша есептейді:

$$\sum_{i=1}^n (Ж_i \times ЖК_i)$$

$$ЖК_{\min} = \frac{\sum_{i=1}^n Ж_i}{n},$$

$$\sum_{i=1}^n Ж_i$$

$ЖК_{\min}$ - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтым (бірақ 50%-дан артық емес);

$Ж_i$ - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың пайдалы қазбалар тобына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс өткізілетін жыл алдындағы i -ші жер қойнауын пайдаланушының жұмыстарын (көрсетілетін қызметтерін) сатып алу көлемі, мың теңге;

$ЖК_i$ - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың пайдалы қазбалар тобына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурс өткізілетін жыл алдындағы i -ші жер қойнауын пайдаланушының жұмысындағы (көрсетілетін қызметіндегі) жергілікті қамтымның нақты үлесі;

n - есептеуде пайдаланылатын жер қойнауын пайдаланушылардың жалпы саны.

6. Жергілікті атқарушы орган жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтымды мынадай формула бойынша есептейді:

$$ЖК_{\min} = Ж_{\text{total}} \times K_{\text{жк}}$$

мұндағы:

$ЖК_{\min}$ - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың шарттарына енгізілетін, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамту (бірақ 50%-дан артық емес);

$Ж_{\text{total}}$ - жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурстың пайдалы қазбалар тобына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының жұмыстарын (көрсетілетін қызметтерін) сатып алуың жалпы көлемі мың теңге;

$K_{\text{жк}}$ – жергілікті қамту коэффициенті (0,5 артық емес).

7. Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған конкурсты өткізу жөніндегі комиссия жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс Заңның 53

-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда өтпеді деп таныған кезде Заңның 47-бабы 2-тармағының 7) тармақшасында көзделген талаптарға барлық ұсынылған конкурстық ұсынымдардың сәйкес келмеу себебі бойынша құзыретті орган немесе облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы Заңның 54-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген тәртіпте осы Қағидаларда көзделген тәртіпте есептелген жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) ең аз жергілікті қамтым мөлшерін жиырма бес пайызға азайту бөлігінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізе алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК